

## Шілденің алтысы – Қазақстан астанасының күні

Шілденің алтысы – Қазақстанның Елордасы – Астана қаласының күні республикамызда ресми түрде мемлекеттік мереке болып табылады.

Бұл күн барлық қазақстандықтар үшін тарихи-мәдени маңызды және Қазақстан халқының мемлекеттік тәуелсіздік алуымен және жаңа астананың еліміздің географиялық орталығына көшуімен байланысты Қазақстанның жаңа тарихындағы жетістіктерін жарқыратып көрсетуге үндеу тасталды.

Жұмыс бабымен Қазақстан астанасын бірнеше рет көрген КПО –ның бас директоры Роджер Фокс Астана қаласы туралы былай деді:

«Астана – бұл болашаққа ұмтылған қала. Қазақстанның астанасы өзінің әсемдігімен және құрылысының көптігімен таңдандырды. Ол өзінің қонақтарын жаңа ерекше сәулет құрылыстарымен, саябақтарымен, субұрқақтарымен әркез таң қалдыратын болады. Астана жыл өткен сайын әдеміленіп, әлемнің назарын өзіне аударатын қала есебінде танылды. Біз КПО –ның Бейбітшілік пен келісім сарайының және Ұлттық кітапхананың құрылысын салуға қатысқанын мақтаншы өтеміз, ал бұл ғимараттар астананың көркіне айналғаны сөзсіз. Осы әсем ғимараттар Қарашығанақ өндірісінің Қазақстан мен қазақстандықтардың жалпы игілігіне айналғанының айқын көрінісі екендігіне қуаныштымыз».

Және де тап осы күні Қазақстанның Президенті Нұрсұлтан Назарбаев та өзінің туған күнін тойлайтыны да қуанышты.



Әсем Астана.



### Неміс бизнесмендері Қарашығанақта болды

Маусымның он екісінде Қарашығанақ кен орнына Германия Федеративті Республикасынан белгілі неміс компанияларының атынан бір топ бизнесмендер келіп кетті. Делегацияны федералды экономика және технология министрлігінің Орта Азия бөлімінің жетекшісі Франк Вайзинг мырза басқарып келді.

Неміс бизнесмендері Батыс Қазақстан облысы өкімдігінің шақыруымен жергілікті өндірушілермен іскерлік қарым-қатынас орнату мақсатында келген болатын. Олардың Қарашығанаққа келген негізгі мақсаты – Жобамен және Қазақстанның мұнайгазөндірісінің дамуымен танысу, сол сияқты осы секторға инвестиция салу мүмкіндігін қарастыру.

Неміс бизнесмендерінің КПО-ның өкілдерімен кездесуі Қарашығанақ қайта өңдеу кешенінде (КПК) орналасқан өкімшілік үйінде өтті. Қонақтарды сервистік қамтамасыз ету жөніндегі директор Колин Орт Бернс пен кен орнының менеджері Пол Мич қарсылап, Қарашығанақ кен орнын игеру жөнінде, оны игерудің кезеңдері туралы жалпы таныстырып өтті, сонымен бірге қонақтарға КПО компаниясының жергілікті орындармен және БҚО өкімдігімен қарым-қатынасы туралы әңгімелеп берді.

## Алматыда 7-інші экология байқауы өткізілді

Маусымның 21-28 аралығында Алматы қаласының «Алатау» санаториясында 7-інші балалардың республикалық экологиялық байқауы – пленары өткізілді. Ол Қазақстанда «Шеврон» корпорациясы жүзеге асырып отырған «Жер – біздің ортақ үйіміз» атты экологиялық ағартушылық бағдарламасы бойынша «Туған Қазақстанның хайуанаттар әлемі» тақырыбында өтті.

Бұл жобаға қатысуға дарынды балалар – арнаулы көркемсурет мектебінің 12-14 жас аралығындағы тәрбиеленушілері шақырылған. Байқау Қазақстанның 14 облысын, сол сияқты Астана мен Алматы қаласын қамтиды. Аймақтық турлардың қорытындысы бойынша 50 жеңімпаздың жұмысы таңдап алынды. Олар осы шара барысында таза ауада әртүрлі тақырыптарға арналған сабақтар, мастер-класстарға қатысып және отандық көркемсурет пен мәдениеттің танымал мэртрлерінің лекцияларын тыңдап, сол сияқты саяхат жасап, әртүрлі көңілді сауықтыру бағдарламаларына қатысып,

өнер мектебінің мұғалімі Ирина Миронова бастап алып барды. «Левша» көшпелі өнер мектебі КПО компаниясының мақтаншы болып табылатынын да айта кеткен жөн. Бұл жоба 2005 жылы іске қосылып, Бөрлі ауданының балаларының бос уақытын тиімді ұйымдастыру. Жоба негізінде балалар мен жасөспірімдерге эстетикалық тәрбие беру, олардың қолданбалы өнер мен ұлттық колөнер саласындағы шығармашылық таланттарын дамытуға арналған.

«Туған Қазақстанның хайуанаттар әлемі» атты байқау тақырыбына сәйкес ұйымдастырушылар жұмыстарды үш бағытқа бөлуді ұйғарған: «Қазақстандағы хайуанаттар әлемінің алуан түрлілігі», «Хайуанаттарға қорғаншы қажет», «Әдебиет пен ауыз әдебиетіндегі жабайы аңдар». Байқауға қатысушылардың ең жақсы жұмыстары Алматы қаласының әсем ғимараттарының бірі – «Қабылдау Үйінің» залына қойылып, онда маусым

айының 26 күні салтанатты жабылу және жүлдегерлерді марапаттау рәсімі өткізілді. Төралқа мүшелері «Левша» көшпелі өнер мектебі оқушыларының жұмысын ерекше бағалады. Біздің балаларымыз құрметті дипломдармен және сертификаттармен мадақталды. Сонымен бірге осы мектептің ұстазы Ирина Миронова мастер-класс беріп, құрметті төралқадан сертификат алды.

«Шеврон» компаниясы ұйымдастырған бұл жоба мемлекеттік орындардың, НПО мен инвестор компаниялардың күш біріктіруінің арқасында жас қазақстандықтардың патриоттық және экологиялық тәрбиесіне ықпал етіп, Қазақстан мәдениетінің сақталуы мен өркендеуіне өз үлестерін қосуының жарқын көрінісі болып табылады. Жыл сайынғы республикалық балалардың экологиялық байқау-пленары Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің, Мәдениет және ақпарат министрлігінің, Білім және ғылым министрліктерінің қолдауынсыз өткізу мүмкін де емес еді. Сондықтан да осы орындардың басшылары

төрешілер алқасының құрметті тең төрағалары.

«Шеврон» компаниясының Қазақстан Республикасымен әлеуметтік әріптестігінің басқа да түрлері: Ұзақ мерзімді жалпыхалықтық қолөнерді дамыту бағдарламасы; балалар үйлері мен мектеп-интернаттар тәрбиеленушілеріне ерте кәсіби бағыт беру мен кәсіби оқыту бағдарламасы; экологиялық бизнес-жобалардың республикалық байқауы; Қазақстанның шығармашылық және техникалық жастары арасында электр қуатын сақтау жөніндегі жобалардың жалпы ұлттық байқауы және т.б. Қазақстанның болашағы үшін адам капиталының орнықты дамуына бағытталған басқа да бағдарламалар.

Николай Нюдильчиевтің оқушыларының жұмыстарының көрмесі Ақсайда жиі өткізіліп тұрады, бірақ оның бәрі аудандық деңгейде. Николайдың болашақта оқушыларым облыстық және республикалық байқауларға қатысса екен деген көптен келе жатқан арманы орындала бастады.

Өз кезегінде «Новости Карачаганака» газетінің редакциясы «Левша» көшпелі өнер мектебінің талантты балалары әлі де өздерін аудан, облыс көлемінен тыс жерлерде көрсетеді деп сенеді.

«Новости Карачаганака» газетінің редакциясы осы материалды дайындауға көмектескені үшін «Шеврон» компаниясының қызметкерлері Еркін Зікібаеваға, Гүлжан Смағұловаға, Айгүл Садықоваға, сол сияқты КПО компаниясының қызметкерлері Зулфия Мұзафарова мен Айгүл Халиолдинаға алғыс айтады.



«Левша» көшпелі өнер мектебінің жетекшісі Николай Нюдильчиев



Міне, 2002 жылдан бері алты жыл бойына «Шеврон» корпорациясының қолдауымен Қазақстанда осынау тамаша мереке - «Жер – біздің ортақ үйіміз» атты балалардың экология тақырыбына салынған суреттерінің Республикалық байқауы өтіп келеді. Бұл жобаның мақсаты - балалар мен жастардың жан-жақты мәдени және экологиялық білімдерін жетілдіру, патриоттық сезімдерін, өз елдері үшін және оның тамаша рухани, мәдени мұралары үшін мақтаншы сезімдерін дамыту және бізді қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауға тәрбиелеу.

естен кетпес қызықты күндер өткізді. Басты айтағымыз - Батыс Қазақстан облысы, Бөрлі ауданының Николай Нюдильчиев жетекшілік ететін «Левша» көшпелі өнер мектебінің үш оқушысы Айгерім Ахатова, Рафаэль Батаев және Валентина Мищенко аймақтық турдың жеңімпаздары атанып, Алматы қаласында өткен осы «Жер – біздің ортақ үйіміз» атты Экологиялық ағартушылық бағдарлама шеңберінде өткен балалардың 7 Республикалық экология байқауына қатысу құқығына ие болған болатын. Алматыдағы байқауға қатысатын балаларды «Левша» көшпелі



## Облыс әкімі Ақсай қаласында

15 шілдеде Батыс Қазақстан облысының әкімі Бақтықожа Ізмұхамбетов жұмыс сапарымен Берлі ауданында болып қайтты. Ақсайда болған кезінде Ізмұхамбетов мырза Берлі ауданы басшылығымен кездесіп, аудандағы мақсат пен міндеттерге байланысты ағымдағы мәселелерді талқылады.

Бұдан басқа Ізмұхамбетов мырза басқа да құрметті қонақтардың қатарында КПО-ның сервистік қамту жөніндегі директоры Колин Орт Бернс пен бірге нан зауытының ашылу рәсіміне қатысты.

КПО компаниясының атынан Бернс мырза БҚО әкімін Ақсай қаласына келуімен құттықтай отырып, осы әлеуметтік нысан туралы бастаманы мойындарына алып, оған инвестиция салған кәсіпкерлерді де құттықтады. Бернс мырза Ақсай қаласының тұрғындары тұрмыстарының

жақсаруына едәуір септігін тигізетін жаңа нан зауытының ашылуын жоғары бағалайтынына сенім білдірді. Нан зауытының жұмысына табыс пен өркендеу тілей отырып, Бернс мырза Ізмұхамбетов мырзаның Батыс Қазақстан облысы әкімі ретіндегі маңызды ролі мен басшылығына тоқтап өтті. «Оның еңбекқорлығы жергілікті мекемелер мен кәсіпкерлерді қолдаудағы көрегендігі оның жұмысының ірі аспектілері болып табылады. Жігерлі басшының жетекшілік етуімен БҚО экономикалық жағынан шапшаң өсіп, гүлдене беретіні күмен туғызбайды».

Сонымен бірге Колин Орт Бернс Берлі ауданының әкімі Болат Шақимовке де шын көңілден құттықтауын жеткізді. «Әкім болып келгеннен бері ол Берлі ауданының тұрғындарының жағдайын жақсарту беруге күш - қайратын аяған емес. Ол көптеген жаңа әрі қызықты ба-

стамалар көтерді және оның мақсатшылдығы мен көрегендігі Ақсай қаласы мен Берлі ауданын көз алдымызда жақсы жағына қарай өзгертуде. Ақсайдағы жаңа нан зауыты Берлі ауданының инфрақұрылымы мен қызмет көрсету саласын дамытудағы тағы бір өте маңызды қадам болып табылады» - деді Бернс мырза.

Ежелден-ақ біздің елімізде, сондай-ақ бүкіл жер жүзінде нан негізгі өмір көзі болып табылады. Нан бар өмірдің бастауы. Нан қай цивилизацияның уақытында да ерекше маңызды.

КПО компаниясы жергілікті тауар өндірушілерден тауар алу мен олардың қызметін тұтынудың маңыздылығын түсінеді. Компанияның мақсаты жергілікті жерден тауар алу мен олардың қызметін пайдалану көлемін ең жоғары деңгейге жеткізу болып табылады. Осылайша КПО әуақытта Ақсайда, Оралда не-



БҚО әкімі Б. Ізмұхамбетов Берлі жерінде.

месе Батыс Қазақстанның басқа да аудандарындағы жергілікті мекемелерде сатылатын тауарлардың көлемі мен түрін көбейтуге мүмкіндік іздеп отырады. Қазіргі күрделі экономикалық жағдайға қарамастан жаңа нан зауытының ашылуы КПО-ның жергілікті тауар жеткізушілер мен мердігерлер

арасындағы жеткілікті өнімді ынтымақтастығына жаңа мүмкіндіктер береді. Бұл жаңа нан зауыты бізге өзара әріптестік қарым-қатынастың, мәселен, КПО-ға және оның қызметкерлеріне нан өнімдерін жеткізу сияқты жаңа перспективаларды қарау мүмкіндігін береді деп үлкен сеніммен айтуға болады.

## КПО Балаларды қорғау күнін атап өтті

Маусымның бірінде қалыптасқан дәстүр бойынша КПО компаниясы Балаларды қорғау күніне арналған мерекеге қатысты. Бұл күні КПО-ның бастамасы бойынша Ақсай қаласында балалардың өнер мектебінің шығармашылық ұжымдары, сол сияқты басқа да балалардың би топтарының қатысуымен мерекелік шара өткізілді. Бұл мерекеге балалармен бірге КПО-ның инфрақұрылымдар мен сервистік қызмет көрсету менеджері Стивен Грэйсон бастаған қызметкерлері де қатысты, олар театрландырылған көрініс көрсетті, сол сияқты жол қауіпсіздігі ережесі бойынша байқау өткізді. Ең үздіктерге КПО-ның ескерткіш сыйлықтары табыс етілді.



Мерекке келгендердің бәрі риза болып қайтты, өйткені мейрам көңілді әрі қызықты өтті, ал ең бастысы, балалардың барлығы да КПО-ның сыйлықтарына ие болды.

Сол сияқты жол қауіпсіздігі ережесі бойынша байқау өткізді. Ең үздіктерге КПО-ның ескерткіш сыйлықтары табыс етілді. Мерекке келгендердің бәрі риза болып қайтты, өйткені мейрам көңілді әрі қызықты өтті, ал ең бастысы, балалардың барлығы да КПО-ның сыйлықтарына ие болды.

## Ұжымдық келісім-шартқа қол қойылды

Ағымдағы жылдың он бесінші маусымында КПО-ның бас кеңсесінің жиналыс залында «Қарачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» қазақстан филиалы мен КПО-ның тәуелсіз кәсіподақ ұйымы арасында Ұжымдық келісім-шартқа қол қойылды.

Келіссөздің негізін өзара қарым-қатынастың негізгі принциптері құрайды. Бұл екі жақтың әлеуметтік әріптестік рухына сәйкес түсіністік пен құрмет.

Келісім бойынша жұмыс беруші кен орнында жұмыс жасайтын жұмысшылардың жұмыс кестесіне қатысты тағы бірқатар құжаттарды қарайтын болды. Сол сияқты жұмысшының еңбегін бағалау бойынша қосымша бірнеше пункттер қосылатын болды (PDR). Тәлімгерлікті жандан-



Келісім-шартқа қол қою сәті.

дыру, зейнеткерлікке шыққанда жеңілдікпен қамтамасыз ету бойынша да бірқатар құжаттар қабылданды.

Ұжымдық келісім-шартқа қол қойды. Кәсіподақ комитетінің төрағасы Төлеуғали Кеңесов пен КПО-ның өндіріс жөніндегі директоры Антонио Балдассарре қол қойды.

## КПО қазақстандық тауар жеткізушілерге арналған семинар өткізді

Қырық екі мердігерлік ұйымның өкілдері еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі мен қоршаған ортаны қорғау бойынша «Қарачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» (КПО) компаниясы 11 маусымда өткізген семинарға қатысты.

Сол сияқты семинардың жұмысына Би Джи Групп компаниясының Европа мен Орта Азия елдеріндегі атқарушы вице-президенті және бас директоры Марк Карн мен КПО-ның жоғары басшылығы қатысты.

Семинарға қатысқан КПО-ның өндіріс жөніндегі директоры Антонио Балдассарре өндірістік қауіпсіздік, еңбекті қорғау мен қоршаған ортаны қорғау мәселелері компания қызметінің маңызды бөлігі болып табылады деп атап көрсетті. Сонымен қатар техника қауіпсіздігін қатаң сақтай отырып, жоғары өндірістік нәтижелерге жету тек қана КПО қызметкерлерінің маңызды міндеті емес. Қауіпсіз өндіріске жағдай туғыза отырып, біз қызметкерлеріміз бен мердігерлеріміздің осы мәселеге деген көзқарасын өзгертуге тырыса беретін боламыз. Осыған байланысты біз алдымызға 2009 жылы халықаралық OHSAS 18001 сертификатын аламыз

деген мақсат қойдық - дегенді қосып айтты Антонио Балдассарре.

Семинардың бағдарламасы КПО-ның өндірістік қызметіндегі ЕҚ, ТҚ мен ҚОҚ процедураларының орындалуын талқылаған тұсаукесерлер мен интерактивті сессиялардан тұрады. Дебаттар өте белсенді өтті, көптеген қатысушылар жұмысты жақсарту үшін нақты әрі инновациялық ұсыныстар айтты.

Семинардың аяғында Антонио Балдассарре КПО компаниясының ЕҚ, ТҚ мен ҚОҚ бойынша көрсеткіштерін жақсартуға қосқан үлестері үшін ризашылық ретінде екі қазақстандық мердігерлік ұйымға награда тапсырды. «Уральскводстрой» компаниясы жүктерді тасымалдау саласындағы жұмысты жақсартқаны үшін, ал «Ақсайгазсервис» - тұрба желісіндегі аварияларды жою саласындағы жеткен жетістіктері үшін марапатталды.

Бұдан басқа барлық мердігерлер 2009 жылдың маусымы айының аяғына дейін өз ұйымдарында ЕҚ, ТҚ мен ҚОҚ көрсеткіштерін жақсарту бойынша үш жеке міндеттеме жасап, жариялауға уәде берді.

Сол сияқты КПО мамыр айында отыздан астам қазақстандық тауар жеткізушілер мен мердігерлік ұйымдар қатысқан «Жобаларды жүзеге асыру барысында сапаға басшылық жасау мәселелеріне жүйелілік тәсілі» атты ағартушылық шара өткізген болатын.

Шараның мақсаты - мердігерлерге КПО-ның тапсырысы бойынша жұмыс жасау барысында олардың сапаға басшылық жүйесінің тиімділігін арттыруына қолдау көрсету.

Бағдарламада жүйелер мен процестердің идентификациясы, олардың классификациясы, жүргізіліп жатқан өндірістік процестердің тиімділігін бағалау критерилерін анықтау, КПО-ға көрсетілетін қызметтің сапасын көтеру бойынша қажетті басқарушылық шешімдерді бағалау мен жасақтау бар.

Шараның қатысушылары бағаны басқарушылық бойынша тәжірибе алмасып, өздерінің КПО-мен іскерлік қарым-қатынасының басқа да мәселелерін талқылады.

Қазақстандық тауар жеткізушілердің өлеуеттілігін арттыруға арналған осы шара туралы айта келіп КПО-ның бас директоры Роджер Фокс бы-



Семинар жұмысынан көрініс.

лай деді: «Біздің қызметіміздің артықшылығы қазақстандық қатысушылардың көрсеткішін ең жоғарыға жеткізу мен жергілікті компанияларға қолдау көрсету. КПО-ның мәліметтер базасында 2400-ге тарта жергілікті мекеме тіркелген. Бүгінгі таңда қол қойылған келісім-шарттар бойынша қазақстандық қатысу 2,5 миллиардтан асқан».

«Жергілікті өлеуеттілікті дамыту КПО қызметінің экономикалық негізіне қызмет етеді және қазақстандық мекемелердің бәсекеге қабілеттілік деңгейін көтереді. Бұл тәсіл материалдық-техникалық қамтуды жақсарту,

тауар мен қызмет тасымал көтеру және шығынды төмендету қажеттілігі шарттарымен бекітілген. Сонымен бірге онда әлеуметтік-экономикалық маңыз да қарастырылған. Жергілікті тауар жеткізушілердің өлеуетті және бәсекеге қабілетті базасының артықшылығы тек Қарашағанаққа ғана емес, жергілікті, аймақтық экономикаға ұзақ мерзімдік пайдасы бар. Бұдан басқа, бұл тәсіл Қазақстанның дамыған елу елдің қатарына кіруі үшін мемлекеттік даму жоспарына сәйкес келеді, ал бұл маңызды мақсатқа жетуде мұнайгаз саласының орны есепке алынады» - деді Р. Фокс.